

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 1184 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы N 1651 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 1184 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

09 "Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану" функционалдық т о б ы н д а :

231 "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі" ә к і м ш і с і б о й ы н ш а :

024 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылу-энергетика жүйесін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" б а ғ д а р л а м а с ы н д а :

" А с т а н а қ а л а с ы " б ө л і м і н д е :

"Астана қаласындағы жұмыс істеп тұрған электр жүйесін қайта жаңғырту" деген ж о л д а :

"1000000" деген сандар "521601" деген сандармен ауыстырылсын;

"Астана қаласында "14 тұрғын үй ауданы" 110/10 кВ ШС салу" деген жолда:

"121093" деген сандар "563330" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Астана қаласында "Көктем" 110/10 кВ ШС салу	36162		
---	-------	--	--

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*